ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 28 қазан №5265-24-00-2/3284 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.М.Қонысбаева., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Өмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. ақауларды қалпына келтіруді міндеттеу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Өмір жолы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ақауларды қалпына келтіруі міндеттелсін.

«Өмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Өмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3692 (үш мың алты жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Қонысбаева Д. М., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Қонысбаева Д. М., 26.12.2024

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Қонысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 30.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Конысбаева Д. М., 26.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-24-3-1/3477